**«Жетісу облысы**
**білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ**
**«Ер Төстік» бөбекжай- балабақшасыМКҚК**
**Кезектен тыс педагогикалық кеңесінің**
**№4хаттамасы**

Қатысқандар:8
Өткен күні: 5.02.2025ж.
Төрайым: А.Байсартова
Хатшы: Г.Жатыкова
Күн тәртібінде:

1. «Ер Төстік» бөбекжай-балабақшасының өзін-өзі бағалау қорытындысының нәтижелерімен таныстыру.

Тыңдалды:
Өзін-өзі бағалау комиссия төрайымы, бөбекжай-балабақша меңгерушісі А.Байсартова мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижесінің қорытындысы бойынша есеп беріп өтті:
Мектепке дейінгі ұйымның жалпы сипаттамасы:
Мектепке дейінгі ұйым алғаш рет 2011 жылы 12 желтоқсанда ашылып, «Таңшолпан» кіші тобы, «Қызғалдақ» ортаңғы тобы, «Жұлдыз ай» ересек тобы «Толағай» мад топтары ашылып жұмыс жасап жатыр. Жоба қуаттылығы –100 балаға арналған. 4 топ, қазақ тілінде жұмыс атқарады. Жұмыс күні 5 күндік. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі. Бөбекжай-балабақшаға балаларды қабылдау e-zhetysu.kz электронды портал арқылы іске асырылған. Балалардың жеке құжаттары мемлекеттік қызмет көрсету тізіміне сәйкес қабылданды.
Мектепке дейінгі оқытудың мазмұны: Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген,Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына 1 қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша басшылыққа ала отырып әр топтың күн тәртібі құрылып, апталық циклограммалар жасалынған, оның ішіндегі ұйымдастырылғаніс-әрекеттерінің тақырыптары мен мақсаттары көрсетілген.
Тәрбиеленушілердің жеке даму мониторингі, жеке даму карталары жасалынған.

**Шешім:**

1. Балабақшаның бағаланған жұмыс нәтижелері жақсы көрсеткіш деп танылсын.

2. Жетісу облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне 2025 жылы наурыз айында өтетін мемлекеттік аттестаттау бойынша «Жетісу облысы білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ « Ер Төстік» бөбекжай балабақшасы МКҚК өзін-өзі бағалау құжаттары аттестаттауға ұсынылсын.

**Комиссия төрайымы:** **А.Байсартова**
**Хатшы:** **Г.Жатыкова**